

## Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 547 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қаңтарда № 4401 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы

Е. Аман

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің  
ауыл шаруашылығы басқармасы"  
М М б а с ш ы с ы

\_\_\_\_\_ Ф. Филиппов

"Қостанай облысы әкімдігінің  
қаржы басқармасы" ММ басшысы

\_\_\_\_\_ С. Аймұхамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік жоспарлау  
басқармасы" ММ басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Кисленкова

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 547 қаулысымен

бекітілген

## Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жергілікті бюджет қаражаты есебінен инновациялық жобаларды тарату және енгізу үшін оларды іріктеуді ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

Инновациялық жобаларды іріктеу агроөнеркәсіптік кешеннің мынадай салалық бағыттары бойынша:

- 1) өсімдік шаруашылығы және егін шаруашылығы (оның ішінде өсімдік қорғау және оқшаулау);
- 2) мал шаруашылығы және ветеринария;
- 3) ауыл шаруашылығын механикаландыру;
- 4) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу салаларында жүзеге асырылады.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі – Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға;

3) бюджеттік бағдарлама әкімшісі – "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

4) өтінім – инновациялық жобаларды іріктеу бойынша конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттар топтамасы;

5) өтініш беруші – инновациялық жобаларды іріктеу конкурсына қатысуға өтінім ұсынған жеке немесе заңды тұлға.

## **2. Инновациялық жобаларды іріктеудің тәртібі мен қаржыландыру шарттары**

3. Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеу бюджеттік бағдарлама әкімшісімен конкурстық негізде жүргізіледі.

4. Конкурс өткізу бюджеттік бағдарлама әкімшісімен жыл сайын ұйымдастырылады.

5. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі конкурс өткізу басталмас бұрын кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің ресми сайтында тиісті х а б а р л а н д ы р у ж а р и я л а й д ы .

6. Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қатаң ресімделген және нөмірленген беттерімен, бір папкаға жинақталған мынадай құжаттарды :

1) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;  
2) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

3) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазбаны;

4) Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға арналған шығыстар сметасын;

5) заңды тұлғалар үшін (қосымша):  
нотариалды куәландырылған жарғының (ереженің) көшірмесін;  
мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті не мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

соңғы екі жылдың қаржылық есептілігінің көшірмесін ұсынады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, өтінім берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытта салық төлеушінің салықтық берешектері және міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына берешектері бар немесе жоқ екендігі туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқылы тұлғаның қолы қойылып, салық органының мөрі басылған салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын;

өтініш берілген күннің алдындағы үш айдан астам уақытта өтініш берушінің банк алдындағы мерзімі өткен берешектері жоқ екендігі туралы бірінші басшының немесе оның орнындағы тұлғаның қолы қойылып, банктің мөрі басылған банк анықтамасының түпнұсқасын (егер өтініш беруші бірнеше екінші деңгейдегі банктер немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда осы анықтама осындай әр банктен ұсынылады);

ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы жұмыстарды атқаруға өтініш берушінің біліктілігін растайтын (болған жағдайда) лицензия, патент, куәлік, сертификат, диплом және басқа да құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесін .

6) жеке тұлғалар үшін (қосымша):  
жеке сәйкестендіру нөмірі бар жеке куәлігінің нотариалдық куәландырылған көшірмесін ;

салық төлеушінің салықтық берешектерінің жоқ немесе бар екендігі туралы салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын; ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы жұмыстарды атқаруға өтініш берушінің біліктілігін растайтын (болған жағдайда) лицензия, патент, куәлік, сертификат, диплом және басқа да құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады.

7. Өтініш беруші ұсынған құжаттардың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді.

8. Ұсынылатын инновациялық жобаларға қойылатын талаптар:

1) жобаның инновациялық бағыттылығы, техникалық іске асырылуы және оны Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде енгізуге дайындығының деңгейі;

2) Қағидалардың 1-тармағында көрсетілген Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінің салалық бағыттарына сәйкестігі мен маңыздылығы;

3) инновациялық жоба қаржысын игерудің жете тұжырымдалған және инновациялық жобаны Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде одан арғы келешегі болжамының болуы;

4) инновациялық жобаны енгізу үшін қажетті жабдықтың, инфрақұрылымның, білікті кадрлардың, жұмыс тәжірибесінің және қорының болуы;

5) инновациялық жобаның экономикалық мақсатқа лайықтылығы;

6) инновациялық жобаның бәсекеге қабілеттілігі.

9. Инновациялық жобаларды іріктеу рәсімдерінің кезеңдері:

1) өтінімдерді тіркеу және оларды бюджеттік бағдарлама әкімшісінің Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттардың сәйкес келуі мен толықтығына қарауы.

Қажетті құжаттардың толық ұсынылмау және сапасыз ресімделгені фактілері анықталған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі өтінімді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге себебін көрсете отырып, жазбаша түрде өтінімді қабылдаудан дәлелді бас тарту береді.

Ұсынылған өтініштер толық және Қағидалардың 6-тармағына сәйкес келген жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі оларды Инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның (одан әрі - Комиссия) қарауына енгізеді;

2) Комиссияның өтінімдерді инновациялық жобаларға қойылатын талаптардың сәйкестігіне қарауы;

3) Комиссияның инновациялық жобаны қаржыландыру немесе қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдауы.

10. Инновациялық жобаларды іріктеудің бірінші кезеңінен өткен өтінімдер бойынша, бюджеттік бағдарлама әкімшісімен кейіннен Комиссияға ұсыну үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қорытынды ресімделеді.

Қағидалардың талаптарына сәйкес және инновациялық жобаларды іріктеудің бірінші және екінші кезеңдерінен өткен өтінімдер Комиссиямен 10 (он) жұмыс күні

і ш і н д е

қ а р а л а д ы .

11. Комиссия тұрақты жұмыс жасайтын алқалы орган болып табылады.

Комиссия құрамы комиссия төрағасы – облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелерін үйлестіруші орынбасары, сондай-ақ комиссия мүшелері – облыс бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілер бірлестіктерінің және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен (келісім бойынша) құрылады. Комиссияның жалпы құрамы бес адамнан кем болмайды.

Комиссияның жұмысшы органы бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып табылады.

12. Комиссияның Инновациялық жобаны қаржыландыру немесе қаржыландырудан бас тарту туралы шешімі хаттамамен ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері қолдарын қояды.

Егер отырысқа оның құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысқан ретте Комиссия шешімі кұқылы және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қаржыландырудан бас тарту туралы шешімді өтініш берушіге жолдайды.

13. Конкурс қорытындысы бойынша Комиссияның оң шешімі негізінде хаттамаға қол қойылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшісі конкурс жеңімпазымен Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі - Шарт) инновациялық жобаны тарату және енгізу жөніндегі Шарт жасайды және Шартта қаралған тәртіпте қаржыландыруды жүзеге асырады.

14. Инновациялық жобаны тарату және енгізуді қаржыландыруға жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттар олардың нысаналы мақсатына және Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың шығыстар сметасына сәйкес қатаң түрде пайдаланылады.

Инновациялық жобаның пайдаланылмаған қаражаттары жергілікті бюджетке қайтарылуға жатады.

Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың сметалық шығындарымен қарастырылмаған мақсаттарға пайдаланылған инновациялық жобаларды қаржыландыруға берілген бюджет қаражаттары толықтай жергілікті бюджетке қайтарылуға жатады.

15. Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға арналған жергілікті бюджеттен қаржыландыру қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) Қостанай облысының жағдайына бейімдеп, таратуға және енгізуге, АӨК саласындағы жаңа технологияларды және басқа инновацияларды Қостанай облысының табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де жағдайларына бейімдеуге беріледі.

16. Инновациялық технологияларды таратуды және енгізуді көздейтін инновациялық жобаны қаржыландыру Шартта белгіленген мерзім ішінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің кәсіпорындарында инновациялық технологияны енгізу шартымен ұсынылады.

### **3. Инновациялық жобаларды іске асыруға бақылау жасау**

17. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі қаражаттың нысаналы мақсатқа сәйкес пайдаланылуын тиімді бақылау мақсатында Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтініш беруші ұсынған аралық есептерге сәйкес инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізеді.

18. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі барлық құжаттаманың жасалған Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Ұсынылған ақпараттың Шарттың талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі мұндай ақпарат келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде қосымша ақпарат беру немесе анықталған сәйкессіздіктерді жою қажет екендігі туралы өтініш берушілерге хабарлайды.

19. Инновациялық жобаны орындау барысында Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылған шығынның, инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары мен жобаның бюджетіне сәйкестігін тексеру мақсатында бюджеттік бағдарлама әкімшісі қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органның мүдделі уәкілетті органдарының мамандарын тарта отырып, мыналарды қамтитын ағымдағы қаржылық мониторингті жүзеге асырады:

1) өтініш берушілердің Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісіне аралық есеп беру;

2) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде атқарылған жұмыстарды тоқсан сайын актілеу;

3) берілген ақпараттың Шарттың талаптарына сәйкес болмаған немесе Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімдерде орындамаған жағдайда, осындай ақпарат келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшісі өтініш берушіге қосымша іс-шаралар жүргізу және/немесе қосымша ақпарат ұсынудың қажеттілігі туралы х а б а р д а р е т е д і .

20. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу мақсатында өтініш беруші іс-шаралардың іске асырылуы жүзеге асырылатын объектілерге бюджеттік бағдарлама әкімшісі өкілдерінің баруын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оған ресми сұрау салу бойынша инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шара үрдісіне тікелей қатысты қажетті ақпараттың бәрін ұсынады.

21. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың нәтижелерін аралық

бағалау Шарттың қосымшасына сәйкес, жұмыстардың атқарылғанын және нәтижелерге қол жеткізілген деректерді растайтын материалдарды қоса бере отырып, көрсетілген қызметтердің (атқарылған жұмыстардың) аралық қабылдау-тапсыру актілеріне қол қою арқылы жүзеге асырылады.

22. Инновациялық жобаны іске асыруды аяқтағаннан кейін инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың нәтижелерін қорытынды бағалау мыналарды қосалғанда жүргізледі:

1) Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес өтініш берушілердің инновациялық жобаны іске асыру бойынша барлық іске асырылған іс-шаралардың, қол жеткізген нәтижелердің, сондай-ақ енгізіліп отырған ғылыми әзірлеменің тиімділігін арттыру және алынған тәжірибені одан әрі тарату жөніндегі ұсыныстардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтитын қорытынды есеп ұсынуы;

2) қаражаттың нысаналы және тиімді игерілуінің жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуінің мәніне қорытынды есебін бағалау;

3) көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) жөніндегі қорытынды қабылдау-тапсыру актісіне қол қою.

23. Инновациялық жобаларды іске асыруға қатысқан өтініш беруші мен бюджеттік бағдарлама әкімшісі арасында Шарттың қосымшасына сәйкес, көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) қабылдау-тапсыру актілеріне екі дана қол қойылады.

24. Өтініш берушілер бюджеттік бағдарлама әкімшісіне Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде осы Қағидалардың 6 және 7-қосымшаларына сәйкес аралық және қорытынды есептер ұсынады.

25. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі өтініш берушінің аралық есептерін қарау мерзімі есеп берілген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспауы, ал қорытынды есепті қарау мерзімі – оны берген күннен бастап бір айдан аспауы тиіс.

26. Шартта көзделген іс-шараларды орындау қорытындылары бойынша жиынтық есеп беріледі.

27. Барлық есептер қағаз және электрондық тасымалдағыштарда ұсынылады.

Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларына 1-қосымша

## Өтініш

1.	Тіркеу нөмірі және күні (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлері толтырады)	
2.	Инновациялық жобаның атауы	

3.	Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық жобаны тарату және енгізу саласы (кіші сала)	
4.	Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі мақсаттарын және мәнін, жоба нәтижелерінің нақты қолданылуын, осыған ұқсас жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін көрсету)	
5.	Инновациялық жобаның ұзақтығы (айлар бойынша)	
6.	Инновациялық жобаны бастау және аяқтау күндері	
7.	Сұратылған қаражаттың сомасы, теңгемен (шығыстар сметасы)	
8.	Занды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы, телефон/факсы, электрондық поштасының мекенжайы және (немесе) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, телефон факсі, электрондық поштасының мекенжайы	

Қ о с т а н а й            о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к            к е ш е н і  
с а л а с ы н д а            и н н о в а ц и я л ы қ            ж о б а л а р д ы  
і р і к т е у д і            ұ й ы м д а с т ы р у            қ а ғ и д а л а р ы н а  
2-қосымша

## Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары \_\_\_\_\_

(атауын көрсету)

Жұмыс түрлері	Күтілетін нәтижелер			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1.				
2.				

Қ о с т а н а й            о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к            к е ш е н і  
с а л а с ы н д а            и н н о в а ц и я л ы қ            ж о б а л а р д ы  
і р і к т е у д і            ұ й ы м д а с т ы р у            қ а ғ и д а л а р ы н а  
3-қосымша

## Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазба

1. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы.
2. Іс-шараларды іске асыру орны: қала, аудан, ауыл.
3. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың мақсаты мен міндеттері (1 беттен аспайтын).
4. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысушы өтініш



берушінің және агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің қысқаша сипаттамасы (1 беттен аспайтын) :

т о л ы қ а т а у ы ;  
инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстың сипаттамасы;  
мамандар, олардың атқаратын жұмыс түрлері туралы ақпарат (түйіндемесі және біліктілігін растайтын құжаттары қоса берілген);  
осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде басқа жобалардың іске асырылуы туралы а қ п а р а т .

Жеке тұлғадан өтінім ұсынылған жағдайда білімі, жасы, қызметінің негізгі түрлері және жұмыс тәжірибесі көрсетілуі қажет.

5. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың негіздемесі: іс-шараларды іске асырудың маңызы мен қажеттілігі, оның Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінің технологиялық даму деңгейіне ықпалының сипаттамасы және еңбек өнімділігі (1 беттен аспайтын).

6. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде атқарылатын негізгі жұмыстардың сипаттамасы:

өндірісте қолдану үшін инновациялық жобаны орындау барысында сынақтан өткізу және көрсетуге ұсынылатын нақты шешімдер және технологиялар, нақты шаруашылықтың, (облыстың) қала, аудан, ауыл экономикасы үшін іс-жүзіндегі мәнін бағалауда қандай жұмыстар орындалатын болады. Әр жұмыстың мақсатын, мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстардың қажеттілігін, оның ішінде іс-шараны іске асыруға қатысатын агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің базасында ғылыми әзірлемені (технологияны) тарату және енгізу жөніндегі ғылыми ұйымның әдіснамасын көрсету қажет (2 беттен аспайтын).

7 . Н ә т и ж е л і л і г і :

өтініш берушінің еңбек өнімділігін және өндіріс тиімділігін және (облыстың) қала, аудан, ауыл экономикасын жақсартуға жасаған ықпалын бағалай отырып, нақты нәтижелер қамтылуы тиіс инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараны іске асырудың нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері;

инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың экономикалық қолайлылығын бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып көрсету, Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал тұрғысынан іс-шараның мақсатқа сәйкестігін негіздеу қажет (1 беттен аспайтын).

8. Экологиялық бағалау ұсынылып отырған технологиялардың Қостанай облысының қоршаған ортасына және табиғи ресурстарына ықпалын бағалауды қамтуы тиіс (оң, бейтарап немесе жағымсыз ықпал). Жағымсыз ықпал жасаған жағдайда мұндай ықпалдың зардабын азайту үшін не істелетінін көрсету қажет (1 беттен аспайтын) .

9. Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды ойдағыдай аяқтау

үшін негізгі тәуекелдер және сол тәуекелдерден өту жөніндегі шаралар (1 беттен аспайтын) .

10. Инновациялық жобаның икемділігі:

инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіптік кешен субъектісі өндірісінің қаржыландыру аяқталғаннан кейін орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қолданылатын шараларды сипаттау қажет (1 беттен аспайтын).

Қ о с т а н а й о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к к е ш е н і  
с а л а с ы н д а и н н о в а ц и я л ы қ ж о б а л а р д ы  
і р і к т е у д і ұ й ы м д а с т ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а  
4-қосымша

**Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға шығыстар сметасы**

(атауын көрсету)

**мың теңге**

№	Шығыс-тардың баптары	Өлшем бірлігі	Бағасы	Құны	айлар бойынша												
					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1.	Жалақы																
1.1																	
2.1																	
2.	Іссапар шығыстары																
2.1																	
2.2																	
3.	Тікелей шығыстар																
3.1																	
3.2																	
4.	Үстеме шығыстар																
Барлығы:																	

Е с к е р т у л е р :

1. Бюджет қаражатынан және өтініш берушілердің өз қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарды (болған жағдайда) жеке көрсету.

Қостанай облысының  
агроөнеркәсіптік кешені  
саласында инновациялық жобаларды  
іріктеуді ұйымдастыру қағидаларына  
5-қосымша

## **Инновациялық жобаны тарату және енгізу жөніндегі ШАРТ нысаны**

---

### **Атауы**

20\_\_ ж. "\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ атынан, Қағида негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

бір тараптан, және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ екінші тараптан, Инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның 20\_\_  
жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_ шешімін басшылыққа ала отырып, инновациялық  
жобаны енгізу жөніндегі осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мынадай  
келісімге келді:

### **1. Шарттың мәні**

1.1 Тапсырыс беруші 019 "Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі  
іс-шараларды жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша инновациялық жобаны  
енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес атқарылатын агроөнеркәсіптік кешен  
саласындағы инновациялық жобаны енгізу жөнінде тапсырма береді, ал Орындаушы  
оны енгізу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

Б а ғ ы т ы :

Т а қ ы р ы б ы б о й ы н ш а :

1.2. Орындаушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ инновациялық жобаны тарату және енгізу бойынша мынадай шаруашылықтардың  
өндірістік жағдайлардында жұмыс орындауды:

1) \_\_\_\_\_  
2) \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_ " әзірлеген және осы

Шарттың ажырамас бөлігі болып саналатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ инновациялық жобаға сәйкес  
м і н д е т т е н е д і .

1.3. Орындаушының қызмет көрсету мерзімі – \_\_\_\_ жылдың ішінде.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда баяндалған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:  
осы Шарттың 2-тармағында көрсетілген инновациялық жобаның сипаттамасы ( техникалық ерекшелігі );

Көрсетілген қызметтерді (орындалған жұмыстарды) қабылдау-тапсыру актісі (осы Ш а р т т ы ң қ о с ы м ш а с ы ) .

1.5. Жұмыстар Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасында орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғаннан кейін аяқталған болып есептеледі.

## **2. Біліктілік сипаттары бойынша инновациялық жобаның сипаттамасы мен экономикалық көрсеткіштері**

2.1. Қызмет көрсету бағыты:

2.2. Ғылыми-техникалық деңгейі (жаңалығы):

2.3. Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешенінде қолданылатын аясы.

2.4. Тарату мен енгізудің соңғы нақты нәтижесі.

2.5. Тарату мен енгізудің экономикалық тиімділігі.

## **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

3.1. О р ы н д а у ш ы :

3.1.1. \_\_\_\_\_ инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес тиісінше сапада қызмет көрсетуге;

3.1.2. Осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде жұмыстарды толық к ө л е м д е о р ы н д а у ғ а ;

3.1.3. Жұмыстарды орындау барысында Орындаушы техникалық тапсырмада немесе осы Шартта көзделген талаптардан ауытқыса, Тапсырыс берушінің талабы бойынша барлық айқындалған кемшіліктерді тегін түзетуге;

3.1.4. Орындаушы 1.3-тармақта көрсетілген мерзімде Тапсырыс берушіге атқарылған жұмыстар туралы толық қорытынды есеп ұсынуға міндетті.

3.2. Т а п с ы р ы с б е р у ш і :

3.2.1. Орындаушы атқаратын жұмыстың барысы мен сапасын, оның қызметіне (үдерістің барысына) араласпай тексеруге;

3.2.2. Атқарылған жұмыстардың актісіне қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушінің осы Шартты орындаудан бас тартуы туралы хабарламаны алғанға дейін атқарылған жұмыстардың бөлігіне тең белгіленген бағаның бөлігін Орындаушыға төлей отырып, кез келген уақытта осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

#### **4. Шарттың жалпы сомасы және төлеу шарттары**

4.1. Осы Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметтер көрсетілуіне байланысты бүкіл шығыстардың құнын қоса есептегенде \_\_\_\_\_ теңгені (жазбаша) құрайды.

4.2. Тапсырыс беруші Орындаушының жұмыстарын мынадай тәртіппен төлейді: осы Шарт Қазынашылық органдарында тіркелген сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде Тапсырыс беруші осы Шарт сомасының 30 % алдын ала төлейді.

Бұдан кейінгі төлеу нақты көрсетілген қызметтер бойынша осы Шарттың қосымшасына сәйкес, Орындаушы атқарған жұмыстарының шот-фактурасы мен көрсетілген қызметтің (орындалған жұмыстың) қабылдау-тапсыру актісін ұсынудың негізінде толығымен өтелген алдын ала төлемнен кейін ай сайын жүргізіледі.

4.3. Қаржыландыру көзі: Қостанай облысының жергілікті бюджеті.

4.4. Орындаушы және қосымша орындаушылар өздерінде тиісті бухгалтерлік есеп жүргізуді және атқарылған жұмыстардың кезеңдері бойынша нақты құнына талдау жасауды қамтамасыз етуге міндет етеді.

#### **5. Жұмысты тапсыру және қабылдау тәртібі**

5.1. Орындаушы бекітілген инновациялық жобаларды іріктеу Қағидаларының 2 және 3-қосымшалары бойынша, Инновациялық жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараны орындау кезеңдерінде ресімдеу және тапсыруға тиісті ғылыми-техникалық және өзге де құжаттаманы бере отырып, Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес Тапсырыс берушіге инновациялық жобаны тарату және енгізу бойынша орындалған жұмыстары туралы аралық есеп ұсынуға міндеттенеді.

5.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге қорытынды есепті Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес \_\_\_\_\_ жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей беруге міндеттенеді.

5.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге, осы Шарттың қосымшасына сәйкес көрсетілген қызметтердің (орындалған жұмыстардың) қабылдау-тапсыру актісін \_\_\_\_\_ жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей ұсынады.

5.4. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда Тапсырыс беруші

мерзімінен бұрын жұмыстарды қабылдауға және төлеуге құқылы.

5.5. Егер жұмысты орындау барысында кері нәтиже алынатындығы немесе жұмыстарды бұдан әрі жүргізуді жалғастыру мақсатқа сәйкес емес екені анықталса, Орындаушы жұмысты тоқтатқаннан кейін 5 күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге шұғыл түрде хабарлап, оны тоқтатуға міндетті.

Мұндай жағдайда Тараптар жұмысты жүргізуді жалғастыра берудің мақсатқа сәйкестігі және бағыттары туралы мәселені қарауға міндетті.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Осы Шартта көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайлар мен тәртіпте жауапкершілік тартыды.

6.2. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Орындаушыға осы Шартқа толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

6.3. Белгіленген мерзімге жұмыстарды орындамаған жағдайда Орындаушы бюджетке әрбір мерзімінен кешіктірілген жұмыс күні үшін осы Шарттың жалпы сомасының 0,03 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## **7. Дауларды шешу тәртібі**

7.1. Орындаушының тарапынан осы Шартта көзделмеген бұзушылық анықталған жағдайда осы Шарт кез келген кезеңінде бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда осындай негіздері бойынша осы Шарттың бұзылуына байланысты Тапсырыс беруші Орындаушыдан шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.2. Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасында осы Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушілік пен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу барысында шешу үшін олар барлық күш-қайратын жұмсауы тиіс.

7.3. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде тараптар осы Шарт бойынша өзара дауды шеше алмаса, тараптардың әрқайсысы бұл мәселенің шешілуін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етуге мүмкін.

## **8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары**

8.1. Егер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау Тараптар не болжап білмеген, не саналы шаралар арқылы болдырмай алмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде осы Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан пайда болса, онда Тараптар мұндай ішінара немесе толық

орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына Тараптар ықпал ете алмайтын және олардың туындағанына жауапты болмайтын оқиғалар жатады (мысалы жер сілкіну, тасқын және тағы басқалар).

8.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтейтін Тарап осындай мән-жайларының туындаған күннен бастап 10 (он) күн ішінде олардың басталуы туралы басқа Тараптарды хабардар етуге және кез келген басқа Тараптың талабы бойынша құзыретті мемлекеттік орган берген куәландыру құжатын ұсынуға міндетті.

8.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтейтін Тарап осындай мән-жайларының тоқталған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға болжамдалатын мерзімін көрсете отырып, олардың тоқталуы туралы басқа Тараптарды хабардар етуге міндетті.

8.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлар туындаған жағдайда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар және оның салдарлар әрекет ететін уақытқа ұзартылады.

## 9. Өзге де жағдайлар

9.1. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі жаққа бір данадан бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

9.2. Осы Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа қандай да бір хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жолдайды, кейін түпнұсқасы беріледі.

9.3. Осы Шартпен тікелей карастырылмағанның бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

## 10. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Тапсырыс беруші: ----- (колы) М.О.	Орындаушы: ----- (колы) М.О. (заңды тұлғалар үшін)
---	---

И н н о в а ц и я н ы е н г і з у ж ө н і н д е г і

2 0 \_ \_ ж ы л ғ ы \_ \_ \_ \_ \_

№ \_ \_ Шартқа қосымша

**Көрсетілген қызметтерді (орындалған жұмыстарды)  
қабылдау-тапсыру актісі**

20 \_ ж. " \_ " \_\_\_\_\_

Біз, төменде қол қоюшылар, бір жағынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ атынан Тапсырыс беруші және екінші жағынан (Жарғы (Ереже) – заңды тұлғалар үшін) негізінде әрекет ететін бірінші басшы \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ Орындаушы, \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Шартына сәйкес Тапсырыс беруші 019 бюджеттік бағдарламасы бойынша мына қызметтерді "Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі көрсетілетін" қабылдады деп осы Актімен растаймыз:

а) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

в) \_\_\_\_\_

Атқарылған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) құны \_\_\_\_\_ құрайды

Сума санмен және жазбаша, валютаның атауы.

Барлық салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдерді қоса отырып. Жұмыстар (қызметтер) сапалы орындалған және Шарттың талаптарын қанағаттандырады. Тараптардың өзара наразылығы жоқ.

\_\_\_\_\_ (қолы) (қолы) М.О М.О. (заңды тұлғалар үшін)

Қ о с т а н а й о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к к е ш е н і  
с а л а с ы н д а и н н о в а ц и я л ы қ ж о б а л а р д ы  
і р і к т е у д і ұ й ы м д а с т ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а  
6-қосымша

## Аралық есептер

### 1. Жалпы мәліметтер

Есеп беру күні	
Өтініш берушінің атауы	
Шарттың нөмірі мен күні	
Қаржыландырудың мақсаты	
Қаржыландырудың сомасы	
Есептілік кезеңі	
Қол жеткізілген нәтижелер	
Қорғау құжатының атауы (бар болған жағдайда)	
Қорғау құжатының нөмірі мен берілген күні (бар болған жағдайда)	

### 2. Инновациялық жобаны енгізу бойынша қол жеткізілген нәтижелер

--	--	--	--	--	--	--



№	Серіктестің атауы	Шарттың атауы	Шарттың нөмірі және күні	Шарттың сомасы	Шарттың мерзімі	Ақы төлеу шарттары

### 3. Инновациялық жобаның нәтижелерін одан әрі тарату жөніндегі іс-шаралар

№	Әлеуетті серіктестің атауы	Іс-шара	Болжамды шығыстар сомасы	Шарт жасасудың болжамды мерзімдері

### 4. Инновациялық жобаның нәтижелерін енгізудің нақты нысаны мен көлемдері

	Енгізу нысаны	Енгізу көлемдері (мың теңге)		
1	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жаңа өндірісін ұйымдастыру және/немесе жаңа түрлерін енгізу;			
2	Жаңа агротехнологияны және/немесе қызмет енгізуді ұйымдастыру;			
3	Жаңа технологиялық жабдықтарды ұйымдастыру;			
4	Агротехнологияларды енгізудің басқа да нысандары			

\*қаржыландырудың ерекшеліктеріне байланысты толтырылады.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п т і к к е ш е н і  
с а л а с ы н д а и н н о в а ц и я л ы қ ж о б а л а р д ы  
і р і к т е у д і ұ й ы м д а с т ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а  
7-қосымша

## Қорытынды есептер

### 1. Жалпы мәліметтер

Есеп беру күні	
Өтініш берушінің атауы	
Шарттың нөмірі мен күні	
Қаржыландырудың мақсаты	
Қаржыландырудың сомасы	

Есептілік кезеңі	
Қол жеткізілген нәтижелер	
Қорғау құжатының атауы (бар болған жағдайда)	
Қорғау құжатының нөмірі мен берілген күні (бар болған жағдайда)	

## 2. Инновациялық жобаны енгізу бойынша қол жеткізілген нәтижелер

№	Серіктестің атауы	Шарттың атауы	Шарттың нөмірі және күні	Шарттың сомасы	Шарттың мерзімі	Ақы төлеу шарттары

## 3. Инновациялық жобаның нәтижелерін одан әрі тарату жөніндегі іс-шаралар

№	Әлеуетті серіктестің атауы	Іс-шара	Болжамды шығыстар сомасы	Шарт жасасудың болжамды мерзімдері

## 4. Инновациялық жобаның нәтижелерін енгізудің нақты нысаны мен көлемдері

№	Енгізу нысаны	Енгізу көлемдері (мың теңге)		
		1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жаңа өндірісін ұйымдастыру және/немесе жаңа түрлерін енгізу;			
2	Жаңа агротехнологияны және /немесе қызмет енгізуді ұйымдастыру;			
3	Жаңа технологиялық жабдықтарды ұйымдастыру;			
4	Агротехнологияларды енгізудің басқа да нысандары			

\*қаржыландырудың ерекшеліктеріне байланысты толтырылады.